

"Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Сарыағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 29-238-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40-342-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 сәуірде № 3115 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы № 3-39-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 30.06.2016 № 3-39-VI шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10 бабының 2 тармағына және Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінің 2015 жылғы 26 ақпандағы шығыс № 2-26-3/613 санды хатына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 29-238-V "Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2653 тіркелген, 2014 жылғы 30 мамырда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарыағаш аудандық мәслихатының регламентінде:

7 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны аудандық мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*М.Мамбетов
Б.Садықов*